

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті



**КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

**Маусым (июнь)
№2(18) 2013**

ЖАБАЕВА С.С.	ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ИЗМЕРЕНИЕ ЛЕКСИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ЯЗЫКА.....	50
ӘБСАДЫҚОВ А.А. ЖҮСІПБЕКОВА А.Б.	ФАБИДЕН МҰСТАФИННИҢ «МИЛЛИОНЕР», «ШЫҒАНАҚ» РОМАНДАРЫНДАҒЫ АНТОНИМ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ.....	52
КИСЛИЦКАЯ Н.С. ПОПОВА А.А.	КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ И УСПЕШНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА.....	55
БЕРКЕНОВА Г.С. АМИРХАМЗИН Н.К.	ХАЛЫҚТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.....	57
ӘБСАДЫҚОВА. А. ЖУСУПОВА Г.С.	ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ-ӨЛЕУМЕТТІК УТОПИЯ.....	60
ЖАБАЕВА С.С. ХУСАИНОВА А.Ж.	НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНАЯ ОБУСЛОВЛЕННОСТЬ АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ.....	64
АЛПЫСПАЕВА З.Т.	К ПРОБЛЕМЕ ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ ПЕРЕВОДА СРЕДСТВ САТИРЫ И ЮМОРА.....	66
ШАГАБУТДИНОВ Р.И. ЖАНИЕТОВ М.	ВЛИЯНИЕ ЗАНЯТИЙ НАСТОЛЬНЫМ ТЕННИСОМ НА ФИЗИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ СТУДЕНТОВ.....	69
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ		
КОНЕВ А.Н. КИМ Н.П. БОРЗЕНКОВА С.П.	ВОСПИТАНИЕ КУЛЬТУРЫ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ И НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ НА ОСНОВЕ САМОМЕНЕДЖМЕНТА.....	73
ЛУТФУЛЛИН Ю.Р. ХАЛИКОВ А.Р.	СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НА ОАО «СОДА»	79
ЖАПАРОВ К.Ж.	ПОВЫШЕНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В АПК РЕГИОНА.....	81
ДЪЯКОНОВ А.С. ГАН Е.П. ЛУТФУЛЛИН Ю.Р.	РОЛЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК В ИННОВАЦИОННОМ РОСТЕ ЭКОНОМИКИ.....	85
ЖАНАЛИНОВ Б.Н.	ҚАЗІРГІ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛІ.....	87
Курбанова М.Н. Бейсенбаева А.Б.	СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ.....	91
ДЖАКАНОВ Д.С. ДАМБАУЛОВА Г.К.	ВСТУПЛЕНИЕ КАЗАХСТАНА В ВТО: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ..	94
ДАМБАУЛОВА Г.К. КУТИКОВА Е.Е.	СЕЛЬСКАЯ ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА: АНАЛИЗ ПРОЦЕССОВ...	97
РАСТЕГАЕВА Н.А. САДЫКОВА А. Б.	ПРОБЛЕМЫ ПЛАНИРОВАНИЯ СЕБЕСТОИМОСТИ НА СОВРЕМЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ.....	100
ЧУМАЧЕВ А.А. БЕНЦ Д.С.	ВЗАИМОСВЯЗЬ И ВЗАИМОВЛИЯНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА И ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ФИРМ: КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СЦЕПЛЕНИЕ.....	102

ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК УТОПИЯ

*Әбсадықов А.А. – ф.ғ.д., Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры
Жусупова Г.С. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің
магистранты*

Мазмұндама

Ақын - жыраулар поэзиясындағы халықтық - әлеуметтік утопия ерекшеліктеріне назар аударылып, ақын-жыраулар шығармаларындағы әлеуметтік, қоғамдық мәні бар жырлардың ой-арманын, дүние танымын қарастырады. Сонымен қатар, өткен ғасырдағы ақын-жыраулардың арманы бүгінгі күні орындалғанын байқатады.

Негізгі ұғымдар: әлеуметтік, утопия, Жерұйық, жерге ұю, еркіндік.

Қоғамдық сананың бір түрі ретінде көркем әдебиет қай ғасырда болса да, сол заманғы адамдардың бір-біріне деген қатынасын, ой-сананын, дүние танымын байқатпақ. Соның ішінде поэзияның ғана құдіреті келетін, тек өлең ғана айта алатын тебіреніс бар. Ол – заман күйі, заман күйі, тіршілік еткен жанның мұңы мен зары, шын ой – сезімі, арманы, күйініші мен қуанышы.

Қазақ ақын-жырауларының сөз әдебиеті кезінде дамып, өркендеді. Онымен мазмұны, жанры, бағыт-бағдары, алдарына қойған негізгі мақсаттары жағынан байланысты да болды. Тек сол кездегі пайда болған саяси мәселелер, әлеуметтік өзгерістерге орай тақырыбы жағынан ғана өзгешеліктер болды. Ақын – жыраулардың талық алдында шоқтығы биік болды, ел билеуші адамдар да оларға бас иіді. Қазақ халқы қанша өмір жолын кешсе, оның өнері де сонша жасап, талай дәуірлерді бастан өткерді. Халқымыз алдырған көркем сөз эңері – баға жетпес мол қазына.

Ақын-жыраулық дәстүрде – қиял-арман сипаты мекен-жаймен, ел-жұрттық ортамен ұштастырылады; кісілік құндылықтарды бойына толық сіңірген қазақ бейнесі көркем және үйлесті сипатталады; туған жер – жер жәннаты, жарық дүние кіндігі мен түпқазығы ретінде көрсетіледі; тектілік кісілік қасиеттің басты тұтқасы ретінде бағаланады және бұл құндылық жеті аталық мырса ретінде үрдіс табады; батырлық парыз, ұлттық намыс, әділ билік, тәзімділік, еркіндік, заңдылықты құрметтеу – ұлттық болмыстың сәміздік кышаны мен сипатына айналады. Бұл сәғидалар хандық дәуірде елдік пен ерлік, адамгершілік пен азаматтық, тұлғалық және халықтық сипатқа ие болды.

«Қазақ фольклорында, - деп жазады фольклортанушы С.Қасқабасов - халықтың әлеуметтік утопиясының алғашқы екі түрі байқалады. Бірақ олар ашық, жіктеліп бөлінбейді. Соған қарамастан, орнаған қоғамға, өмірге немесе өміршіге деген наразылық (протест) пен қарсылық (оппозиция), қазақтардың қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман мен құтты мекен – Жерұйықты іздеу туралы әпсаналарында айқын сезіледі» [1,104].

Жайлы мекен, жақсы қоныс, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» дәуірді аңсау сол кездегі заман талабынан туған түйінді мәселе еді. Батыстан төнген зор қауіптің болар зардабын Асан қайғы жұрттан бұрын болжап, терең түсінді. Жыраудың:

*Бұл арадан көшпесең,
Айтқанымға түспесең,
Орыс алар қалаңды
Шулатар қатын балаңды
Осыны көрдім түсімде... [2,200]*

- деген толғау жолдарынан қаһарманның болашақта болар оқиғаны ғажайып түс көру арқылы қоныстың құтсыз болатынын аңғарды. «Алты аспанға қос артып, тынбай алты жыл қоныс қарауы» да сол болашақ бодандықтың

алдын алу болатын – ды. Асан қайғы құтты қонысқа жаяулап келіп, «өлтірмей жаныңды алатын, бауыздамай қаныңды ішетін» зұлым отаршылдарды шортан бейнесінде сипаттап, мұның өсте болмай қоймайтынын, одан құтылудың жолы тек Жиделібайсыңға көшу екенін тектен – текке айтпаса керек. Осыны ойламай, «ішкенге мас, жегенге тоқ» Жәнібек ханды жырау өлтіре сынайды. Бұл Асан ата болжаған мәселенің немен тынғанын біздер көріп, бармақ шайнап бастан кешірдік.

«Әлеуметтік» түсінігінің сан қырлы мазмұнға (кейде бір-біріне қарама-қарсы) ие болғандығын аңғаруға болады. Белгілі ғалым Ф.Хайек «әлеуметтік» термині кездесетін 35 сөз тіркесін және 160 сипаттаманы атап өтеді. «Көптеген жағдайда, - дейді ғұлама, - «әлеуметтік» термині мазмұнды айқындаудан гөрі, оны шатастырып жібереді (мысалы, «әлеуметтік-құқықтық мемлекет, «әлеуметтік нарық экономикасы» және т.б.) [3]. Қосымша айтатын болсақ, тұлғаның, адамның, кісінің әлеуметтік табиғатын бекерге шығару мүмкін болмағандықтан, «әлеуметтік» сипат бүкіл адам тіршілігіне тән. Осы негізде, ақын-жыраулардың көтерген мәселелері де анық.

«Бағаналы орда, басты орда» сөздерінен басталатын Бұқар жыраудың ұзақ өмірінің өн бойында арман санап келген негізгі жайды, яғни қазақ жұртының алаңсыз тыныштығы мен шарқыған малшылығын көз алдыға елестете толғайды. Сондағы қарт жыраудың аңсағаны не деген? Ең әуелі:

Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт, -
деп бастауының өзінен – ақ кемеліне жеткен елдің түр сипаты аңғарылғандай болса, одан әрі:

Ақсары атын аспалап,
Ел жайлауға шыққан жұрт...
...Бас аяғыңа бай болып,

Бәсеке дәурен сүрген жұрт...- дей келеді де, осы өлеңнің қорытынды тирадасында жырау түпкі арманының төркінін жасырмайды.

Яғни, осының бәрі ақын қиялынан туған бұлдыр болмас, тиянақсыз арман екенін іштей түсініп – сезінесің.

Өзінің суреткерлік, ақындық қуатын танытқан Майлықожа жырау «Шалқып жатқан елім-ай» атты ұзақ өлең жырына арқау еткен күнгейдің керемет табиғатына кестелеу барысында әсем де құнарлы қоныстың қолдан шығып бара жатқанына деген өзекті өртеген өксікті өкініш ақиқат арасынан асып төгілмейді.

Орыста қалды-ау қор болып
Мұсылманның баласы-ай,
Көз қияр да жер ме еді,

Жоқтай да жоқтай шаршалы, - деген күңіреніс пен күрсініске толы көңіл – күй сол замандағы қазақтардың малшы – диқан шаруасының әрқайсысының көкірек – кеудесін сыздатқан зар-запыран екендігін бірден аңғарамыз.

Жалпы, XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында Д.Бабатайұлы тұңғыш рет патша өкіметінің отарлық езгі саясатының астарын ашып, оның ел ішіндегі жексұрын жемісі «борсық тұмсық, қанды ауыз ұлық болған, қазақтан шыққан көпірдің» образын бірде іс - әрекет, қимыл үстінде бейнелесе, бірде кейіпкерінің өз сиқын оның монологы түрінде өзіне өшкерелетіп суреттеген.

Ғұлама ғалым М.Әуезов: «Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, сөзіне заман – дәурен шегі жоқ» [4,276], - деп айтқандай, бүкіл шығармашылық жолы халық тарихының көркем шежіресіне айналған «күңгірт тарих ішінен бұлық-ғыр бейнедей бұлдырап көрінетін» Дулат ақын кім?» Бұл сауалға Д.Бабатайұлы поэзиясына алғаш рет кең көлемде зерттеу жүргізген көрнекті ғалым Құлмат Өмірәлиев былай деп жауап берген екен: «Д.Бабатайұлы қазақтың өзі өскен өлке-сінің Россияға қарағанға дейінгі, өз алдына хандық құру түрінде ел болу дәуірінің хандық дәуірінің ақыны, екінші жағынан патша өкіметінің шектен тыс озбырлығына ұшырап, елдігінен, жерінен, ата – қонысынан айырылған қазақ жұртының ақыны» [5,31-32].

Ел болудың бір жолы...

Егескен жауды қашыру...

Бірақ, ол үміт - Кенесары қозғалысының жеңіліске ұшырауымен бірге сөнді. Ел тұтастығын сақтар келесі бір белгі – жерге, малға бірлік, яғни шаруашылық, мәдени ынтымақ болса, ел елдің саяси бостандығы отаршылдар қонына көшкен соң, халықтың қоғамдық ұлттық санасы кәмескіленіп, азаматтардың ой – ниеті өз руы, қала берді қара басы мен бірер тұяқ малының қамы төңірегінде тұсауланды. Сондықтан ақын:

Бай мен кедей аңдысып

Бірі – біріне сеніспей,

Бет – бетімен ел кетті, – деп налыған.

Басқыншы саясаттың бел алған тұсына тап келіп, көкіректі кернеген кек пен ызадан қаны қарайған Базардың «бармағын тістеумен» ғұмыры өткенге ұқсайды.

Тек көкіректе бір арман –

Діні басқа көпірге

Бір кәлима дегізбей... – деп ілкідегі айтқан өтеусіз өкінішін тағы бір қайталайды.

Ақтамберді арманы ел мүддесінен бөлек емес. Жоңғарлармен ұзаққа созылған соғыста толық жеңіске жетуді, әр ауылдың молшылық өмірге кенелуін, мамыражай рахат өмірді аңсайды ақын. Жырау көркем тілмен ел көкейіндегісін деп басып, қиялға беріледі.

Ақтамберді толғауларында арманшылдық үні басым. Жауының аруын олжалау, тарланды таңбалап мініп, жау қашыру, жақсылармен топтанып кеңес құру сияқты қиял қанатындағы арманды ойлар.

Асан қайғы жерінген («Атамыз өткен Асан би, Мұны да құтсыз деп айтқан жер»), Қазтуған жырау жиренген («Қарға бойлы Қазтуған, Қайғыланып көшкен жер») қоныс қашаннан қазақтың

атамекені болса да, елді бір жайсыздық билеп, қауіп – қатердің елесі кезе бастағанда «берекесі кеткен, киесі қашқан» жұпыны күйде суреттелуі – халықтық көңіл – күйдің әсері. Жан – жақтан анталаған жау бой көтерсе, алдымен жерге көзі түсерін жыраулардың қай-қайсысы да айтты. Туған даланың тулақтай бөлігі үшін қан төккен қазақ ел мен жер – бір ұғым. Қоныстың құты қашты деген сөз жалпақ жұртқа жайсыз заман келе жатыр дегенді білдіреді. Демек, «Мұндай саяси - әлеуметтік жағдай елдің наразылығын туғызбай қойған жоқ, халық енді бұл дағдарыстан құтылудың жолын іздеді. Оны қиялдан, әлеуметтік утопиядан тапты. Өйткені қиыншылықтан, қоғамдық езгіден құтылудың басқа жолын халық білмейтін».

Шығыс елдерінің әдебиетіне тән «қашу», «ауа көшу» утопиясының көріністері Мұрат Мөңкеұлының шығармаларында кездеседі. Ақынның «Үш қиян», «Сарыарқа», «Әттең, бір қапы дүние - ай» толғаулары қоныстың құтсыздығына налып, көшкен жұрттың хал-ахуалын шынайы бедерлеген біртектес дүниелер. Бәрінде де көшпенді ел қайғы-мұңы айтылған. Бірақ, бұлар ауыз әдебиетінде ежелден бар дәстүр бойынша көштің сәнсалтанатын асырып, керуеннің мал-мүлкін, кермет жасау-жабдықтарын мадақтаған өлеңдер емес, көшкен елдің жұртын сағыну сарынындағы толғаныстар. Үш шығармада да біркелкі сурет: иесіз қалған жер, амалсыз қоныс аударған ел, жақсылардың табаны тиген жайпау мен жайылым, сай-саза, енді қайтып оралмас қимас дәурен... Ақын осының бәрін еске алып, өзегі өртеніп тұрса да, мұндай жерді халықтың мекендеп қалуына қайлы емес. Өйткені оның ойынша, бұл-ешкімге опа бермеген құтсыз қоныс. Сондықтан «осы ауыртпалықтан құтылудың бірден-бір жолы – жерді, құтсыз қонысты тастау керек дейді. Мұнда Мұрат Мөңкеұлы айтатын «ауа көшу» сарыны қазақ арасында ертеден таралған утопиялық аңыздармен сабақтасып жатыр. «Қашу сарыны» тек қазақтарда ғана емес, орыс халқының фольклорында да бар» [f 22]. Сонымен, Мұрат Мөңкеұлы утопиясының түпқазығы - «адыра қалғыр, қайырсыз қоныс» десек, мұның себебін ақынның өзі былайша тұжырымдайды:

Қайырсыз неге десеңіз,

Асан Қайғы, Қазтуған,

Рақ, Мамай, Телағыс

Қалған екен солардан.

Біз де бір сондай болармыз

Артық па едік олардан?!

Мұрат ақынның барлық толғау түріндегі әлеуметтік тақырыпқа арнап айтқан сөздеріне тиісті сипат. жер кеткенін сөз қылады. Бұл ретте Мұраттың естігені өте көп, кәрі құлақты.

Адыра қалғыр бұл қоныс,

Қайырсыз еткен азалдан.

Еділдің бойы қанды қиян,

Жайықтың бойы майлы қиян,

Маңғыстаудың бойы шаңды қиян,

Адыра қалғыр үш қиян,

Үш қиянның ара бойынан,
Жеті жұрт кетіп жол салған... –

деп, әр жердің мән-жайын өзінше, көне тарихынан бастап сөйлейді.

Демек, халық өз өмірінің жарқын не қайғылы кезеңдерін аңызға қосып, жырға айналдырып, ел жадында сақтаған және оларды өмірде болған сүйінен гөрі әдемілеп, сырлап, шындыққа сиымды қоспалармен әрлеп, қиялмен толықтырып, жаңа «таныс-бейтаныс» бейнеге айналдырған.

Адам адам болғалы – әуелі тайпа, ұлыс, кейін келе ұйысқан қоғам – елге айналғалы – жер үстіндегі өзінің жұмағын іздеп келеді. Елдің оңаша ойға көмген ойшылдары болсын, артына жұртын ергізген көшбасшылары болсын – бәрі-бәрі «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» Жерұйықты желмаямен іздеген арманшыл Асанқайғыдай өз еліне малға шүйгін жері бар, жанға жайлы елі бар болашақ тілейтіні мәлім. «Құтты қоныс» іздеу – әлем халықтарының дүние танымында жақсы өмірді күткен арман-аңсардан туған рухани интенция. Ғалымдар бұл интенцияны әлеуметтік утопияға жатқызады.

Сол тұрғыдан болмасты аңсады, табылмасты іздеді, сондықтан ол қазақ жерінен шыққан алғашқы әлеуметтік утописттер деп ақын-жыраулардың атына тағы бір анықтауыш қосамыз... Онда тұрған несі бар?! Утопист болса болған шығар. Честертон айтпақшы, «утопиясы жоқ адам мұрны жоқ адамнан да қорқынышты». Утопия болмаса қоғамдық қозғалыс та, алға ұмтылу да болмайды. Кім де кім өзінің болашағы туралы армандамаса, оның болашағы да неғайбыл болады демекші, алға нақты қадам жасау үшін, ең алдымен, оны көз алдына елестете білу де шеберлік.

Біздіңше, Платон өзінің мінсіз мемлекет туралы диалогтарын жазғанда, әл-Фараби құт дарыған қала тұрғындары туралы толғағанда, Мор Утопияны ойлап тапқанда, Кампанелла күн қаласы туралы қиялдағанда, сол сияқты, қазақ ақын-жыраулардың арманы, үміті, Жерұйықта іздеп зар илеуі елінің жарқын болашағын көз алдарына елестеткені күмәнсіз.

Зерттеулерге сүйенсек, утопияның орындалмайтындығын меңзейді. Утопия, аты айтып тұрғандай, Жоқстан. Дегенмен, ол сол кезең үшін табылмаған арман, ал уақыты жеткенде құр қиялдан шындыққа айналуы мүмкін ғой?! Олай болса, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан – Асанқайғының Жерұйығы, сол елестің орындалғаны емес деп кім айтты?!

Идеялар тарихы ұғымның өз тарихынан мүлде бөлек болуы да заңды дүние. «Жерұйық» концептіне мәдени-әлеуметтік талдама берген

академик Ғарифолла Есім оны «жерге ұю» деп этимологиялық тұрғыдан әрі сол Асанқайғы тұсындағы тарихи жағдайды ескере отырып, яғни қазақ жеріне қол сұға бастаған орыс экспансиясының басталған тұстағы жер мәселесінің өткірлігін ескере отырып, жердің құндылығы тұр-ғысынан түсіндіреді.

«Жерұйық Қазақстан» дегенде, біз қазақтың талай ғасырлар армандаған тәуелсіздігінің бүгінгі Қазақстанда баяндылығын танытамыз. «Жерұйық Қазақстан» дегенде біз бүгінгі күні қазақ ұлтының жүзден астам ұлыстың басын қосып, әлеуметтік келісім негізінде оларды сүттей ұйытып отырған дархандығын мақтан етеміз. «Жерұйық Қазақстан» дегенде Қазақстанның өрісі малға, қоймасы дөнге, үй-іші жанға толып отырған елі бар құтты мекен бейнесін қалыптастырамыз.

Қорытындылай келе, қазақ ақын-жыраулар шығармаларындағы халық-әлеуметтік утопиялық сарын ел-жұртының әлеуметтік келісім негізіндегі бейбіт рахат өмірі екендігін, елді адамгершілікке, бірлікке, бауырластыққа бастағаны екендігін, бүгіндері соны іс жүзіне асырып отырған жасампаз қазақ елінің барлығын әрі онда ұрпақтар сабақтастығының үзілмегендігін көреміз. Еңдеше, сол кездегі арман, үміттің бүгінгі күнгі біздің Отанымыз – Қазақстан.

Біздің ұлттық идеямыз да, ұлттық идеологиямыз да биік адамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық келісім рухы негізінде құралып, тәуелсіздік құндылығын ұлықтауы тиіс. Ал сол айтылғандардың барлығын өз бойына сыйдыратын, қысқа да нұсқалығымен бағалы идея - Қазақстан.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы //Қазақ фольклорының тарихилығы. - А., 1994. - 312 б.
2. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев - Алматы: Жазушы, 1989. - 32-150 б.
3. Хайек Ф. Пагубная самонадеянность. - М.: Новости, 1992. - 304 с.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1991. -240 бет.
5. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көні түркі әдеби ескерткіштері. - Алматы: Мектеп, 1985. -127 б.
6. Мұрат. Шығармалары. - Алматы: Арыс, 2000. - 229 б.
7. ҚРҰҒА Сирек қолжазбалар қоры, Папка №910. - №5 дәптер.

Резюме

Автор раскрывает основные социальные проблемы в поэзии акын-жырау, ценность которой - отражение реальной социальной действительности, делает акцент о существовании утопизма в ней.